



Астана қаласы

08-26 тамыз 2025 ж.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша 2025 жылғы 08-26 тамыз аралығында қашықтық форматта «Ақ шағала» республикалық хореографиялық фестиваль-байқауын өткізеді.

Фестиваль-байқаудың мақсаты: білім алушылардың хореографиялық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту бойынша жүйелі де мақсатты қызмет жасау, рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарға тарту.

Фестиваль-байқау 10-17 жас аралығындағы фестиваль-конкурстың өңірлік кезеңдерінің 160 жеңімпазы арасында өткізіледі. «Ақ шағала» фестиваль-байқауының өңірлік кезеңіне 50 мыңнан астам жас биші қатысты.

Фестиваль-байқауға қатысушылар «Халық биі және халықтық стильдегі би» және «Заманауи би» номинациялары бойынша жаңа би стильдерін ұсынады.

Хореография баланың ішкі әлемін дамытудың әмбебап құралы бола отырып, қосымша білім беру жүйесінде ерекше сұранысқа ие және басым бағыттардың бірі болып табылады, өйткені хореография өнерінде тұлғаны дамытудың көптеген формалары енгізілген.

Хореографиямен белсенді түрде танысу нәтижесінде балалар мен жастардың көркемдік талғамы қалыптасады.

Хореография кез-келген өнер сияқты сахналық жұмыстың бір түрі, шындықты білуге, білім алушылардың эмоциясын түсінуге, олардың әлемді эмоциямен танудағы эстетикалық сезімдерін ашуға, білім алушылардың жеке басының шығармашылық дамуы арқылы мәдени құндылықтарды сақтауға ықпал етеді.

Мұндай фестивальдерді өткізу әр қатысушының шығармашылық

және жеке мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді. Хореографиялық өнер — ғасырлар бойы даму тарихы бар халық шығармашылығының ең бай қазынасы.

Қазіргі әлемде би бір уақытта ең қолжетімді және элиталық өнер дәрежесіне көтерілді. Би — бұл мимика мен жест арқылы барлық сезімдерді білдірудің алғашқы және жалғыз жан-жақты әмбебап тәсілі.

Фестиваль-байқау хореографиялық ұжымның әрбір қатысушысына өзінің шығармашылық жұмысын көрсетуге, би композициясы арқылы өзінің ішкі әлемін білдіруге тамаша мүмкіндік береді. Жас бишілер үлкен сахнаны танып, жеңіске жетуді үйренеді! Фестиваль-байқаудың қорытындысы бойынша 8 жеңімпаз анықталады, олар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Фестиваль-байқаудың барлық қатысушыларына сертификаттар, сондай-ақ үздік байқау жұмыстарына «Ерекше би қойылымы үшін», «Сахналық орындау шеберлігі үшін» бойынша номинациялары беріледі.

Қосымша ақпарат алу үшін телефонға хабарласуға болады:

+ 7 (7172) 57 41 53; e-mail: omkhet@mail.ru.



город Астана

08-26 август 2025 г.

Пресс-релиз

Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования по заданию Министерства просвещения Республики Казахстан проводит Республиканский хореографический фестиваль-конкурс «Ақ шағала» с 08-26 августа 2025 года в онлайн формате.

Цель фестиваля-конкурса: развитие хореографических, творческих способностей обучающихся, систематическая и целенаправленная деятельность по воспитанию и дальнейшему развитию гармоничной личности, приобщение к духовно- нравственным и культурным ценностям.

Фестиваль-конкурс проводится среди 160 победителей региональных этапов фестиваля-конкурса в возрасте от 10 до 17 лет. На региональном этапе фестиваля-конкурса «Ақ шағала» приняли участие более 50 тысяч юных танцоров.

Участники фестиваля-конкурса представят новые танцевальные стили в номинациях: «Народный танец и народно-стилизированный танец», «Современный танец».

Хореография, являясь универсальным средством развития внутреннего мира ребёнка, является наиболее востребованным в системе дополнительного образования и занимает одно из приоритетных направлений, так как в искусстве хореографии заложены многие формы развития личности.

В результате активного эмоционального знакомства с хореографией формируется художественный вкус детей и молодежи.

Хореография - своеобразное сценическое действие, способствующее познанию действительности, раскрытию эмоциональной сферы обучающихся, их эстетических чувств в эмоциональном познании мира, сохранению культурных ценностей

через творческое развитие личности обучающихся.

Проведение таких фестивалей способствует развитию творческих и индивидуальных способностей каждого участника. Хореографическое искусство – это богатейшая сокровищница народного творчества, имеющая многовековую историю развития.

В современном мире танец возведен одновременно в ранг самого доступного и самого элитного искусства. Танец – это первый и единственный всеобъемлющий и универсальный способ выразить при помощи языка мимики и жестов все свои чувства.

Фестиваль-конкурс дает прекрасную возможность каждому участнику хореографического коллектива показать свою творческую работу, выразить свой внутренний мир через танцевальную композицию. Юные танцоры познают большую сцену и учатся побеждать!

По итогам проведения Фестиваля-конкурса будут определены 8 победителей, которые будут награждены дипломами и ценными призами. Всем участникам Фестиваля-конкурса будут вручены сертификаты, а также лучшие конкурсные работы в номинациях «Ерекше би қойылымы үшін», «Сахналық орындау шеберлігі үшін».

За дополнительной информацией обращаться по телефону:

+ 7 (7172) 57 41 53; e-mail: omkhet@mail.ru.